

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Мектепке дейінгі педагогика және психология негіздері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу
  - A) қиял
  - B) зейін
  - C) түйсік
  - D) қабылдау
  - E) ес
  
2. Жалпылау
  - A) ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу
  - B) шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алу
  - C) ой арқылы заттың құбылыстық барлық элементтері біріктіріледі
  - D) абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру
  - E) біртекті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру
  
3. Ойдың бастапқы формасы
  - A) синтез
  - B) ұғым
  - C) салыстыру
  - D) анализ
  - E) нақтылау
  
4. Сыртқы дүние заттарымен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама сөз арқылы бейнеленуі
  - A) қабылдау
  - B) ойлау
  - C) қиял
  - D) түйсік
  - E) зейін

## 5. Образды ес

- A) сезімдерді еске қалдырып отыру
- B) адам ойының түрлі формаларын (ұғым, пікір, ой қорытындылары) еске қалдыра алу қабілеті
- C) қысқа уақыттық естің әрекеттін нақтылы міндеттерін орындауға байланысты көрінетін түрі
- D) еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды еске қалдыру мен қайта жаңғыртып отыру
- E) заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақтылы бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруы

## 6. Оперативтік ес

- A) заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақтылы бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруы
- B) адам ойының түрлі формаларын (ұғым, пікір, ой қорытындылары) еске қалдыра алу қабілеті
- C) сезімдерді еске қалдырып отыру
- D) қысқа уақыттық естің әрекеттін нақтылы міндеттерін орындауға байланысты көрінетін түрі
- E) еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды еске қалдыру мен қайта жаңғыртып отыру

## 7. Адам миында сыртқы дүние заттары мен құбылыстар бейнелері танылып сақталуы және қайтадан жаңғырту процесі

- A) түйсік
- B) ес
- C) қиял
- D) зейін
- E) қабылдау

## 8. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын үнемі тұтастай қабылдап, бірақ оның ұсақ-түйегіне жөнді мән бермейтіндер

- A) иллюзия
- B) байқағыштық
- C) аккомодация
- D) синтездік қабылдау
- E) анализдік қабылдау

## 9. Заттар мен құбылыстардың көлемін, тұрқын, түрін, аумағын, алыс-жақындығын, таяз-тереңдігін, бағыт-бағдарын қабылдау

- A) кеңістікті қабылдау
- B) байқау
- C) галлюцинация
- D) апперцепция
- E) иллюзия

10. Заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі
- A) зейін
  - B) түйсік
  - C) ойлау
  - D) қиял
  - E) қабылдау
11. Интерорецепторлар
- A) ішкі мүшелерімізде орналасқан әсер етуші тітіркендіргіштердің сезгіштік күйлерін бейнелеу немесе хабарлау
  - B) бірізді образдарға ұқсас, бірақ одан табиғаты бөлектеу заңдылықтың бірі
  - C) сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі
  - D) дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын хабарлау
  - E) сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуге байланысты өзгеруі
12. Экстерорецепторлар
- A) сыртқы сезім мүшелерімізде орналасқан әсер етуші тітіркендіргіштердің сезгіштік күйлерін бейнелеу немесе хабарлау
  - B) сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі
  - C) дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын хабарлау
  - D) бірізді образдарға ұқсас, бірақ одан табиғаты бөлектеу заңдылықтың бірі
  - E) ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелеу немесе хабарлау
13. Адамның сезім мүшелеріне сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелерінің тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелер
- A) қиял
  - B) ойлау
  - C) түйсік
  - D) қабылдау
  - E) зейін
14. Ата-аналарды бағдарлама бойынша тәрбиеленушілердің қол жеткен жетістіктерімен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына бағыт беру
- A) дәріс
  - B) практикумдар
  - C) конференция
  - D) ашық сабақтар
  - E) жеке тақырыптық кеңестер

15. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың формалары
- A) ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстел, ашық сабақтар
  - B) ойын, конференция
  - C) экскурсия, диспут
  - D) бақылау, мерекелік шара
  - E) әңгімелесу, шынықтыру, ата-аналар оқулары
16. Тәрбиелеу мен білім беру жұмыстарына талдау жасау және тәжірибені педагогика ғылымы негізінде ойлау арқылы өткізу
- A) ата-аналар жиналысы
  - B) дәріс
  - C) конференция
  - D) ашық сабақтар
  - E) семинар-практикумдар
17. Баланың сезім мүшелері эстетикалық нәр алуға, өмірдегі, көркем-өнердегі әсемдікті түсінуі мен оны қабылдауына ықпал етіп, шығармашылық қабілетін ұштауға мүмкіндік тудыратын бұл
- A) эстетикалық сезім
  - B) эстетикалық талғам
  - C) эстетикалық даму
  - D) эстетикалық тәрбие
  - E) көркемдікке тәрбиелеу
18. Эстетикалық сезім
- A) адамдардың мінез-құлқының тарихи қалыптасқан принциптері мен ережелерінің жиынтығы
  - B) өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рақаттану
  - C) жас ұрпаққа жүйелі білім негіздері, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын игерту, икемділігін, әдет-дағдыларын қалыптастыру
  - D) айналадағы болмыстың ықпал жасауымен ағза мен психикада болып жатқан сапалық өзгерістер
  - E) баланың өз талап-тілегін, сезімін, мінез-құлқын, тәртібін меңгере білуі, өзін-өзі алып жүруге тәрбиелеуі
19. Мектепке дейінгі баланың қоршаған дүние мен өнер сұлулығын көру және оның жеке басына ықпал ету арқылы сұлулық қабілетін дамыту мақсатына бағытталған жүйелі процесс
- A) сенсорлық тәрбие
  - B) ақыл-ой тәрбиесі
  - C) адамгершілік тәрбиесі
  - D) эстетикалық тәрбие
  - E) еңбек тәрбиесі

20. Адамгершілік тәрбиесінің әдістері
- A) үлгі ету, сендіру, мадақтау, кінәлау, бағалау
  - B) әңгімелесу, мадақтау, бақылау
  - C) сендіру, практикалық, ойын
  - D) бағалау, сөздік, жаттығу
  - E) кінәлау, көрнекілік, экскурсия

**Мектепке дейінгі педагогика және психология негіздері**

**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Сынып ұжымының өзара қарым-қатынасын зерттей отыра, оқушылардың жалпыға танымал немесе танымал еместігін, сыныптағы шағын топтардың барын анықтау әдісі
  - A) бақылау
  - B) интервью алу
  - C) әңгімелесу
  - D) социометрия
  - E) сауалнама
  
2. Оқушылардың жеке басы мен сынып ұжымын зерттеудің әдістемесі
  - A) моральдық қасиеттер, шеберлік
  - B) тарих, әдебиет
  - C) әдет, білім, тәрбие
  - D) тәжірибе, салт-дәстүр, ырым
  - E) бақылау, сауалнама жазбалары, әңгімелесу, социометриялық әдістер
  
3. Адамның ерік-жігерін, оның бір-біріне қарым-қатынасының қандай екенін дәлелдейтін ұғым
  - A) үлгі
  - B) жаза
  - C) сенім
  - D) қорқыныш
  - E) мадақтау
  
4. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңестері
  - A) қорғаныш сезімі, жылы сөз, жабырқау
  - B) күн сәулесін пайдалану, таза ауамен демалу, таза суды пайдалану, табиғи тамақтану, дене жаттығулары
  - C) лидерлік, инициативтілік позиция
  - D) адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбиелер
  - E) инерттік жағдайлар, агрессия, пессимизм
  
5. Салауатты өмір сүру салтына үш идея негіз болады
  - A) дене үйлесімдігі, жан тазалығы, ақыл-ойдың айқындылығы
  - B) ақыл-ой, дене, еңбек тәрбиелері
  - C) қорғаныш сезімі, жылы сөз, жабырқау
  - D) адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбиелер
  - E) инерттік жағдайлар, агрессия, пессимизм

6. Адамның дене бітімі, интеллектуалдық және еңбек әрекеті; тұрмыстық өзара қарым-қатынасы; дағдысы, орныққан мінез-құлық тәртібі, өмір сүру қарқыны \_\_\_\_\_ жатады
- A) қорғаныш сезіміне
  - B) денінің саулығына
  - C) өмір салтына
  - D) пессимизмге
  - E) күн тәртібіне
7. Адамның қоршаған ортаға байсалды, жинақылық қатынасын білдіретін дене мүшелерінің қалыпты жағдайы
- A) өмір салты
  - B) күн тәртібі
  - C) денінің саулығы
  - D) пессимизм
  - E) қорғаныш сезімі
8. Сынып жетекшісінің жоспары
- A) түсіндіру, талдау
  - B) саналылық, бағыттылық
  - C) жүйелілік, бірізділік
  - D) болжау, көрнекілік
  - E) перспективалық, күнделікті
9. Балаларды тәрбиелеуде міндетті педагогикалық құжат
- A) тәрбие принциптері
  - B) тәрбие мақсаттары
  - C) тәрбие жұмысының жоспары
  - D) тәрбие міндеттері
  - E) тәрбие заңдылықтары
10. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жоспарлауда ескеретін принциптері
- A) әділетшіл, шыншыл болу
  - B) мақсат, жас ерекшелік, қызығушылық, істің жүйелілігі, шығармашылық сипаты, әртүрлі әдістер мен формаларды қолдану
  - C) мораль жағынан ұстамды, таза болу
  - D) тұрақтылық, ғылымилық, мейірімділік
  - E) сыпайы мінезді, жақсы құлықты

11. Тәрбие, оқу-тәрбие процесі, педагогикалық процесс, әрекетті қамтитын компонент
- A) Материалдық
  - B) Спорттық
  - C) Идеялық
  - D) Процессуалдық
  - E) Жүйелік
12. Сынып жетекшісінің сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі әрекеттерін нәтижелі ұйымдастыруға жағдай жасайтын кәсіби іс-әрекеті
- A) Тәрбиелеу
  - B) Жоспарлау
  - C) Болжау
  - D) Оқыту
  - E) Бақылау
13. Білім мекемелерінде тәрбие жұмысының моделі, бағытының жасалу жолы
- A) тәрбие әдістері
  - B) социометрия
  - C) дидактикалық жүйе
  - D) жоспарлау
  - E) күн тәртібі
14. Оқушылармен ұйымдастыратын тәрбие жұмысының негізгі формасы
- A) пікірталас
  - B) білім
  - C) тәрбие сағаты
  - D) іскерлік
  - E) дағды
15. Тәрбие процесінің формасы
- A) тәрбиелік ықпалдарды реттеу және оларға түзетулер енгізу
  - B) қорытындылау, есепке алу және бақылау
  - C) адамның іс-әрекетінде басшылыққа алатын негізгі ереже
  - D) тәрбиенің жобасын құру және жүзеге асыру
  - E) тәрбие процесінің мазмұнында өмір сүретін және көрініс беретін ұйымдастыру тәсілі
16. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының қызметі
- A) жас ерекшелікті есепке алу
  - B) көрнекілік, ғылымилық
  - C) бірізділік, іскерлік
  - D) бірізділік, жүйелілік
  - E) білімділік, тәрбиелік, дамытушылық



17. Сабақтан тыс тәрбие жұмысы ерекшелігінің міндеті
- A) тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою
  - B) балада өзіне қатысты жағымды қатынасты қалыптастыру және ондағы өзін-өзі бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету
  - C) қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру
  - D) әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу
  - E) оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру
18. Сынып жетекшісінің ең басты міндетті қызметтері
- A) әңгімелесу
  - B) оқыту, білім беру
  - C) бірізділік, жүйелілік
  - D) ғылымилық, көрнекілік
  - E) диагностикалық, коммуникативтік, дамытушылық
19. Тәрбиенің маңызды құралы
- A) ұжым
  - B) жүйе
  - C) тәсіл
  - D) принцип
  - E) әдіс
20. Тарихи қалыптасқан, бір буыннан екінші буынға беріліп отыратын қоғамдық өмірдегі, ұжымдағы адамдардың қатынастарын көрсететін нормалар мен принциптер
- A) тәсіл
  - B) әдіс
  - C) дәстүр
  - D) жүйе
  - E) құрал

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. А.С.Макаренко атап көрсеткен ұжымды сипаттайтын міндеттер
- A) ұжым мүшелерінің қоғамдық мақсатқа бағытталған іс-әрекет жасауы
  - B) оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру
  - C) ұжым мүшелерінің бірлігі және әрқайсысының өзіндік пікірі болуы
  - D) жасөспірімдердің заң тану мектептері
  - E) қатаң тәртіптің болуы
  - F) ұжым алдындағы айқын мақсат
  - G) өз арасында міндеттер белгілеуі, белгіленген міндеттерді орындауы
  - H) өз мүшелері үшін ұжымның жауапкершілігі, өзара көмек, өзара бақылау, жолдастық сезім, қайырымдылық қарым-қатынастың болуы
22. Абайдың адамгершілік, әдептік нормаларға қоятын талаптары
- A) ғылымилық
  - B) көрнекілік
  - C) әділетшіл, шыншыл болу
  - D) тұрақтылық
  - E) мораль жағынан ұстамды, таза болу
  - F) мейірімділік
  - G) сыпайы мінезді, жақсы құлықты
23. Дене тәрбиесін іске асыру үшін қойылатын талаптар
- A) балалардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу
  - B) әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу
  - C) негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту
  - D) спортпен шұғылдануға балалардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту
  - E) оқушының денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру
  - F) ақыл-ойын дамыту және жалпы мәдени деңгейін көтеру

24. Дене тәрбиесінің міндеттері
- A) білімді өңдеудің логикалық тәсілдерін білу
  - B) денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету
  - C) өндірістегі қатынастарды жетілдіру, басқару жүйесін және шаруашылықты жүргізу әдістерін жетілдіру
  - D) қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру
  - E) қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру
  - F) әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу
  - G) негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікке, шапшаңдықты және ептілікті дамыту
  - H) гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау
25. Дене тәрбиесінің негізгі құралдары
- A) дене жаттығулары
  - B) тапсырма
  - C) ойын
  - D) бейнелеу өнері
  - E) гимнастика
  - F) туризм
  - G) спорт
26. Эстетикалық тәрбиенің міндеттері
- A) сандық материалдарды талдау
  - B) эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу
  - C) бейнелеу өнері арқылы көркем шығармашылық сезімін, талғамын дамыту
  - D) ақыл-ойын дамыту және жалпы мәдени деңгейін көтеру
  - E) әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу
27. Экономикалық тәрбие мен білімнің өзіне тән әдістері
- A) экономикалық сөздік жасау, нарықтық экономика терминдерін қазақ тіліне аудару әдісі
  - B) әңгімелесу әдісі
  - C) ғылыми-техникалық, экономикалық әдебиеттермен жұмыс жасау әдісі
  - D) жаттықтыру әдісі
  - E) сандық материалдарды талдау әдісі
  - F) тәжірибелік жұмыстар және эксперимент әдісі
  - G) бақылау әдісі
  - H) есептер шығару әдісі

28. Нарықтық экономиканың негізгі заңдары туралы білім
- A) эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру
  - B) өндірістегі қатынастарды жетілдіру, басқару жүйесін және шаруашылықты жүргізу әдістерін жетілдіру
  - C) өндірістің тиімділігін көтеру, оның бөліктерін қайта құру
  - D) ақыл-ойын дамыту және жалпы мәдени деңгейін көтеру
  - E) білімді өңдеудің логикалық тәсілдерін білу
29. Жас жеткіншектерге экономикалық тәрбие берудің белгілі жүйесі
- A) бейнелеу өнері арқылы көркем шығармашылық сезімін, талғамын дамыту
  - B) экономикалық тәрбие қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек барысында іске асады
  - C) білімді өңдеудің логикалық тәсілдерін білу
  - D) табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты балаларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу
  - E) экономикалық тәрбие отбасында қалыптасады
30. Экономикалық білім мен тәрбиенің міндеттері
- A) басқаруға тән – ұқыптылық, іскерлік, ықыластылық, тәртіптілік, т.б. қасиеттерді дағдыландыру
  - B) экономикалық есеп, талдау жасау дағдыларына үйрету, еңбекті ғылым негіздерімен байланыстыра білу
  - C) өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төсілу
  - D) балаларды қоғамның даму заңдылықтарымен, өндіріс экономикасымен таныстыру
  - E) еңбек тапсырмасын орындағаннан кейінгі нәтиже баланың сенімін қуаттандырады, қуаныш сезімін арттырады

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Ересектер тобының балалары мектепке дейінгі ұйым бағында хризантема гүлдерін отырғызады. Күзге қарай ақ, көк, қызыл гүлдер гүлдеді, ашық, жылы күні тәрбиеші кішкентай балаларды баққа алып келді. Балалар гүлдің көптігіне танданыс білдірді. Сәлден соң балалардың қолындағы жұлынған гүлдер саны көбейе бастады. Гүлдердің жартысы ғана қалған кезде, педагог: - Хризантемаларды жұлуға бола ма екен? – деп айқайлап жіберді . Оның сөздерінен таң қалу да, ренжу де білінбеді. Ол тек сұрақ қойды.

31. Проблемалық жағдай болған кезде педагог тек сұрақ қойды...
- A) оған айрықша көңіл бөлгісі келмеді
  - B) меңгеруші, әдіскер жазалайды деп қаймықты
  - C) мәселені ушықтырғысы келмеді
  - D) ата-аналардың шағымынан қорықты
  - E) балалардың қателіктерін түсініп, өз ойларын айтуын көздеді
32. Балалардың қолында жұлынған гүлдер саны көбейе бастады... Мұндай іс-әрекеттің ұжымға тигізетін әсері
- A) өзінің жеке басын ғана ойлауды тәрбиелейді
  - B) өз қателігін түсіне білуге тәрбиелейді
  - C) кінәмшілдікке тәрбиелейді
  - D) өз ісіне жауапты болуға тәрбиелейді
  - E) өзімшілдікке тәрбиелейді
33. Педагогтың балалардың іс-әрекетіне қолданған шарасы
- A) мәселе бойынша ата-аналарына шағымдану
  - B) проблемалық жағдаят бойынша балалардың жасаған іс-әрекетін талдау
  - C) мәселе бойынша меңгерушіге шағымдану
  - D) мәселе бойынша әдіскерге шағымдану
  - E) проблема бойынша жазалау әдісін қолдану
34. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері хризантема гүлдерін отырғызады. Ол балаларды \_\_\_\_\_ тәрбиелейді
- A) еңбексүйгіштікке
  - B) дөрекілікке
  - C) тындамаушылыққа
  - D) мақтаншақтыққа
  - E) адамгершілікке

35. Педагогтың сөздерінен таңқалу да, ренжу де білінбеді, себебі
- A) ұрысуға ата-аналардан именді
  - B) ұрысуға әдіскерден именді
  - C) ұрысуға меңгерушіден именді
  - D) балалардың ойлануына мүмкіндік берді
  - E) өзі абыржып қалды

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Үш жасар қыздың анасы таңырқап: - Неге менің қызым өзі жалғыз ойнағысы келмейді? Егер оның қасында ересектер болса ғана ойнайды . Ал өзін жалғыз қалдырып кете қалсаң, ол ойынын сол кезде тоқтатады. Кішкентай болған кезінде жүре келе қояды деп ойлағанбыз. Сәбиде ойнауға барлық жағдай жасалған: арнайы бұрыш, көптеген қызықты ойыншықтар.

36. Ата-аналарының жіберген қателіктері
- A) ойынның тәртібін түсіндірмегендерінде
  - B) жағымды жағдай туғызбауында
  - C) өз еркіне жібергендерінде
  - D) балаға шамадан тыс жағдай жасалғандығында
  - E) ойынға қызығушылық жасамағандарында
37. Баланы өзін жалғыз қалдырғанда, ол ойынды тоқтатпау үшін
- A) баланы мадақтау
  - B) баланы жазалау
  - C) балаға түсіндіру
  - D) балаға ойын жағдайындағы ережелерді үйрету
  - E) балаға үлгі көрсететін мысал айту
38. Баланың өзі ойнау үшін жасалатын жағдай
- A) балаға жағдай жасау
  - B) баланы қорқыту
  - C) балаға ұрысу
  - D) баланы ойнауға үйрету, қызықтыру
  - E) балаға мысал келтіру
39. Үш жасар қыздың өзі жалғыз ойнағысы келмейтін себебі
- A) ұжымда болғанды жақсы көреді
  - B) шығармашылығының жоқтығы
  - C) ойынның тәртібін түсінбейді
  - D) жалғыз қорқады
  - E) қызығушылығының жоқтығы

40. Тәрбиешінің беретін кеңесі
- A) ойын ережелерін үйрету
  - B) баланы тым көп мазаламау
  - C) балаға ойнауға ерте
  - D) балаға жаза қолдану
  - E) ойыншықтардың талапқа сай келмеуі

**Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы**

**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**